

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің Семиполатное ауылы аумағында ірі қара малдарға бруцеллез бойынша шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 сәуірде N 3206 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 04 шілдедегі N 23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі әкімінің 04.07.2016 N 23 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 11-11/93 ұсынысы негізінде, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің Семиполатное ауылы аумағындағы ірі қара малдарының бруцеллез анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Х. Жанабеков